

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Ұлы Отан соғысына қатысушыларды, мүгедектерді және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы алушыларды әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 28 Заңы

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 154-құжат; 1999 ж., N 8, 239-құжат; N 23, 925-құжат; 2002 ж., N 6, 71-құжат; 2003 ж., N 1-2, 13-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша:

"16 жасқа", "18 жасқа", "18 жастан", "23 жастан" деген сөздер тиісінше "он алты жасқа", "он сегіз жасқа", "он сегіз жастан", "жиырма үш жастан" деген сөздермен ауыстырылсын;

"I", "II", "III" деген цифрлар тиісінше "бірінші", "екінші", "үшінші" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 11-баптың 1) тармақшасы ", он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балалар" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 12 - бапта:

1 - тармақта:

екінші абзацтағы "7" деген цифр "10" деген цифрлармен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "5" деген цифр "7,5" деген цифрлармен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "3" деген цифр "5" деген цифрмен ауыстырылсын;

бесінші абзацтағы "4" деген цифр "7" деген цифрмен ауыстырылсын;

алтыншы абзацтағы "7" деген цифр "10" деген цифрлармен ауыстырылсын;

жетінші абзацтағы "5,5" деген цифрлар "8" деген цифрмен ауыстырылсын;

сегізінші абзацтағы "4" деген цифр "6" деген цифрмен ауыстырылсын;

сегізінші абзацтағы "көрсеткіш" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылып, " мөлшерінде тағайындалады" деген сөздер алып тасталсын және мынадай мазмұндағы тоғызыншы, оныншы, он бірінші абзацтармен толықтырылсын:

"он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші топтағы мүгедек балаларға - 10 айлық е с е п т і к  
к ө р с е т к і ш ;

он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі екінші топтағы мүгедек балаларға - 8 айлық есептік көрсеткіш ;

он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі үшінші топтағы мүгедек балаларға - 6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тағайындалады." ;

2 - т а р м а қ т а :

екінші абзацтағы "9" деген цифр "12" деген цифрлармен ауыстырылсын;  
үшінші абзацтағы "7" деген цифр "9,5" деген цифрлармен ауыстырылсын;  
төртінші абзацтағы "5" деген цифр "7" деген цифрмен ауыстырылсын;

4 ) 1 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша айлық жәрдемақының ең жоғары мөлшері отбасының барлық еңбекке жарамсыз мүшелеріне 12 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тағайындалады." ;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "4" деген цифр "5" деген цифрмен ауыстырылсын;  
екінші абзацтағы "3,5" деген цифрлар "4,3" деген цифрлармен ауыстырылсын;  
үшінші абзацтағы "3" деген цифр "3,5" деген цифрлармен ауыстырылсын;  
төртінші абзацтағы "2,5" деген цифрлар "2,8" деген цифрлармен ауыстырылсын;  
бесінші абзацтағы "2" деген цифр "2,3" деген цифрлармен ауыстырылсын;  
екінші бөлігіндегі "он еселенген" деген сөздер "он екі еселенген" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 8, 238-құжат; N 23, 925-құжат; 2000 ж., N 23, 411-құжат; 2001 ж., N 2, 14-құжат; 2002 ж., N 6, 71-құжат):

1 ) б ү к і л м ә т і н б о й ы н ш а :

"16 жасқа" деген сөздер тиісінше "он алты жасқа" деген сөздермен ауыстырылсын;  
"I", "II", "III" деген цифрлар тиісінше "бірінші", "екінші", "үшінші" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 ) 4 - б а п т а :

5) тармақша ", сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдар" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балалар;" ;

3) 5-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында жұмыс істегені туралы мәліметтерді қамтитын еңбек кітапшасы немесе өзге де құжаттар жұмыс стажын растайтын құжат болып табылады.

Осы Заңның 4-бабының 5) тармақшасында аталған адамдардың 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында жұмыс істеген фактісін растайтын құжаттары болмаған жағдайда, жұмыс стажын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен құрылатын арнаулы комиссиялар белгілейді.";

4 ) 7 - б а п т а :

үшінші бөліктің 1), 2) тармақшаларындағы "5,8", "7,1" деген цифрлар "15" деген цифрлармен ауыстырылсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға - 1,0 айлық есептік көрсеткіш, мемлекеттік наградалармен марапатталмаған, соғыс жылдарында 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығындағы кезеңде кемінде алты ай жұмыс істеген тыл еңбеккерлеріне - 1,0 айлық есептік көрсеткіш;"

мынадай мазмұндағы 8-1) және 11-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"8-1) 1988-1989 жылдары Чернобыль АЭС-сындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысушылар, қоныс аудару күнінде құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылғандар (өз еркімен кеткендер) қатарындағы адамдарға - 0,5 айлық есептік көрсеткіш;"

"11-1) он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға:

бірінші - екінші топтағыларға - 1,4 айлық есептік көрсеткіш;  
үшінші топтағыларға - 0,6 айлық есептік көрсеткіш;"

**2-бап.** Осы Заң 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*